Бекітемін
Жир

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** «Болашақ» МДҰ
**Топ** кіші тобы
**Балалардың жасы** 2 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 04 -08 наурыз 2024 жыл

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 04.03.2024 | Сейсенбі 05.03.2024 | Сәрсенбі 06.03.2024 | Бейсенбі 07.03.2024 | Жұма 08.03.2024 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңертең балалармен амандасып, топқа кіргізу.<br>**«Менің анам»**<br>Мақсаты:Ана туралы түсіндіру. Өлеңді жатқа айтуға дағдыландыру. Сөздік қорын дамыту.<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Қоршаған ортамен таныстыру** | Балаларды жақсы көңіл –күймен қабылдап, бүгінгі көңіл-күйлерін сұрау.<br>**Тыныс алу жаттығуы**<br>Демді ішке тартайық<br>Енді «Ү-п» деп айтайық.<br>Демді шығар кайтарып.<br>**Музыка** | Балаларды жақсы көңіл –күймен қабылдап, бүгінгі көңіл-күйлерін сұрау.<br>Балаларға тақпақты қайталату арқылы қимылдар жасау.<br>**«Бес саусақ» жаттығуы**<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Кел санайық, екеуміз.<br>Бас бармағым - папам,<br>Балаң үйрек - апам.<br>Ортан терек - ағам<br>Шылдыр шүмек - мен<br>Титтей бөбек - сен.<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Бір үйде біз бесеуміз.<br>**Қоршаған ортамен таныстыру** | Балаларды жақсы көңіл –күймен қабылдап, бүгінгі көңіл-күйлерін сұрау.<br>**Тыныс алу жаттығуы**<br>Демді ішке тартайық<br>Енді «Ү-п» деп айтайық.<br>Демді шығар қайтарып.<br>**Музыка** | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, жетістіктері туралы әңгімелесу, баланы дамыту мен тәрбиел мәселелері бойынша (жыл мезгіліне байланысты балаларды киіндіру) кеңес беру. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)** | **«Кітап бұрышына»** саяхат жасау.<br>Балаларды кітап бұрышына саяхат жасап, кітаптарды әр балаға беріп суреттерін қарап тамашалау.<br>**Көркем әдебиет** | **«8 Наурыз ашық хаты»**<br>Мақсаты: Ашық хаттың суретін салуға үйрету.<br>**Сурет салу** | **«Саусақ» жаттығуы**<br>Бала, бала, балақай,<br>Қол соғайық, алақай!<br>Бір,екі,үш деп айтайық,<br>Саусақтарда тартайық.<br>Жалқау бала болмайық,<br>Қолды қысып, ойнайық.<br>**Сөйлеуді дамыту** | **«8 Наурыз ашық хаты»**<br>Мақсаты: Ашық хаттың суретін салуға үйрету.<br>**Сурет салу** | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Картотека № 7**<br>**«Көңілді петрушкалар»**<br>Б.қ. 1- қолды алға созу; 2- артқа жасыру;<br>«Алақанды көрсетіп жасырамыз»<br>Б.қ. –арқамен жатып, қол дене бойымен;<br>1-2 аяқ, қолды бірге түйістіре көтеру;<br>3-4 б.қ. келу;<br>Б.қ. қолды артқа тіреп отыру;<br>Тізені бүгіп қолымен құшақтау;Б.қ. келу;<br>Б.қ. 1- қолды екі жанынан жоғары көтеріп шапалақ ұру;<br>2-б.қ. келу; (4 рет)<br>Еркін орнында секіру- «Петрушкалар қуанады» | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелерге келісу және т.б.<br>**Көркем әдебиет**<br>**«Топ-топ»** | **Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**«Жаттығулар жасайық»**<br>Тез қозғалып осылай<br>Жаттығулар | **Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**«Жаттығулар жасайық»**<br>Тез қозғалып осылай<br>Жаттығулар жасайық.<br>Жақсылықты үйреніп, | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Сурет салу**<br>**«Сағат»**<br>Сағаттың тіліндей,<br>Иіліп оңға бір,<br>Сағаттың тіліндей<br>Иіліп солға бір. | . |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Топ-топ, топ басайық,<br>Жалаудан күн жасайық.<br>Жаса, жаса алтын күн<br>Жаса, жаса жарқын күн. (балалар колдарын соғады) | жасайық.<br>Жақсылықты үйреніп,<br>Жамандықтан қашайық. | Жамандықтан қашайық | Оң аяқ, сол аяқ,<br>Жаттығу оңай-ақ.<br>Сағаттың суретін саусақпен салу. | |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | «Қыран құс» әнің тыңдай отырып (қанатын жайып ұшқан құстар және т.б.)сахналау.<br>**(Музыка)**<br><br>Анашым жүрегім,<br>Өмірлік тірегім.<br>Аман боп жүрші тек,<br>Алладан тіледім.<br>Қысқа өлендерді анық , асықпай айтады, олардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап бере алуға үйрету.<br>**(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**<br><br>Анаммен сурет қараймын заттардың | Бір қатармен сапта жүру, бағытты сақтап шеңбер бойымен жүгіру, саптан шығып кетпеу. Залдың бір шетінен екінші шетіне бір катарға тұрып саппен жүру.<br><br>**Ойын гимнастикасы: «Құламақ»**<br>Бір оңға,екі солға (денені оңға, солға бұрады)<br>Өзіңді бір айналшы.<br>Бір отырдық, екі отырдық, Отырып, тұрдық, отырып, тұрдық. Құламақ Ванька біз болдық.<br>Ал енді біз шабайық (шеңбер бойымен жүгіру) Менің тентек добымдай. Бір екі, бір екі, | **Негізгі қимылдарды ойын түрінде орындау:**<br>Орнында тұрып өзеннен ұзындыкка секіру (ені 35 см матаның жолағы).<br>Аяқтың итерілуін қолдың кимылымен сәйкестендіре білуді назарда ұстау. Нұсқау – жартылай бүгілген аяқпен акырындап секіріп түсу.<br>1 метр қашықтықта тұрған педагогтің лақтырған добын қағып алу және лақтыру.<br>**(Дене шынықтыру )**<br><br>Бір және көп заттарды салыстыру<br>**(сенсорика)**<br><br>Анашым,ақ таным<br>Ақ сүтін ақтаймын | Кірпінің анасының үстіне ермексазды орналастыру, нүктелердің көп не біреу екенін ажырату<br>**(жапсыру, мүсіндеу, сенсорика)**<br><br>Анама арналған кеудеше элементтердің пішінін, реттілігін,олардың арасындағы кашықтықты ескере отырып,жазықтықта оюларды құммен салу<br>**(сурет салу)**<br><br>**Қуырмаш саусақ ойын жаттығуы.**<br>Қуыр,қуыр,қуырмаш,<br>Балаларға бидай шаш.<br>Бас бармақ,<br>Балаң үйрек, | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | саны ажырату (біреу -көп) **(сенсорика)**<br><br>Анаммен кітап қараймын.<br>Жануарларды және олардың төлдерімен (қозы,лақ,бота),аңдармен (аю,қасқыр,қоян) және құстармен таныстыру,оларды ажырату және атау,сипаттамалық ерекшеліктерін ажырата білу.**(қоршаған ортамен танысу)** | (тыныс алу жаттығулары)<br>Бітті, міне, ойын да.<br>**(Дене шынықтыру)**<br><br>Анама арналған оюлар.<br>Оң жақта тұрған оюларды көк түске,ортасында тұрға оюларды сары түске боя.<br>**(сурет салу)**<br><br>«Жылы сөз айту» ойыны.<br>Тәрбиеші ойыншық көжекті көрсетеді. Көжек балалардан анасы жұмыстан келгенде,оны қалай қарсы алу керектігін үйретуді сұрайды. Балалар қуыршақтарына айтқан сөздерін естеріне түсіреді.көжекке көмектеседі.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Жүректе атыңды<br>Тұмардай сақтаймын.<br>**(көркем әдебиет)**<br><br>Ересектердің сөзін түсінуге ,шағын әңгімелерді көрнекті сүйемелдеусіз тыңдауға,қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және негұрлым күрделі (не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге,өз ойын айтуға үйрету.<br>**(сөйлемді дамыту)** | Ортан терек,<br>Шылдыр шүмек,<br>Кішкене бөбек.**(көркем әдебиет)**<br><br>"Тиінге жаңғақ сыйлайық"<br>Балаларды тиінмен таныстырып, оның тіршілік етуінің ерекшелігі туралы түсінік беру.<br>**(қоршаған ортамен танысу,** | |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | № 55<br>**Көркем сөз.**<br>Көгершін<br>Көк көгершін, көгершін,<br>Көгершін келер жем үшін.<br>Балалар жем себелік,<br>Жем жесін де семірсін. | № 56<br>**Еңбек:** Ойын алаңының қоқыстарын жинау.Өздеріне жүктелген жұмысты жауапкершілікпен атқару.<br>**Көркем сөз.**<br>Жұмбақ.<br>Жылт-жылт еткен,<br>Жырадан өткен.<br>(су) | | № 57<br>**Еңбек:** Жәндіктерге нан қиқымын беру.<br>Көркем сөз.<br>Құмырсқа батыр.<br>Қимылдап жатыр.<br>Алды да ырғап,<br>Көтерді «бір қап»<br>Құмырсқа қыстан,<br>Шығады жырғап.<br>Жалқауға күллі-<br>Құмырсқа үлгі. | № 58<br>**Еңбек:** Ойын алаңының қоқыстарын жинау.Өздеріне жүктелген жұмысты жауапкершілікпен атқару.<br>**Көркем сөз.**<br>Жұмбақ.<br>Жылт-жылт еткен,<br>Жырадан өткен. (су) |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың реттілікпен шешінуі.<br><br>**Қимыл-қозғалыс ойыны**: «Торғай мен мысық»<br>Мақсаты: Балалардың қимыл – қозғалыстарын арттырып, ептілікке баулу. | **Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>«Қояндар мен қасқыр»<br>Мақсаты: Балалардың қимыл-қоззғалыстарын арттырып, ептілікке баулу. | | Бір -біріне шешінуге көмектесу. | **Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>«Қояндар мен қасқыр»<br>Мақсаты: Балалардың қимыл-қоззғалыстарын арттырып, ептілікке баулу. |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті** | **Қимылды ойын:**<br>«Ақ қоян»<br>Мақсаты: балаларды ептілікке баулу.<br>Қоянның суретін салу.<br>**Дене шынықтыру**<br>**Сурет салу** | **Дене шынықтыру**<br>**«Шынығамыз»**<br>Шаршасаңдар, балалар,<br>Қолдарыңды созыңдар.<br>Саусақтармен ойнаңдар, | **Дене шынықтыру**<br>**«Шынығамыз»**<br>Шаршасаңдар, балалар,<br>Қолдарыңды созыңдар.<br>Саусақтармен ойнаңдар,<br>Қолдарыңды сермеңдер. | **«Сипаттамасы бойынша тап»**<br><br>Мақсаты: ұзын-қысқа, кең-тар, биік-аласа ұғымдарын бекіту. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Қолдарыңды сермеңдер.<br>Денелерің шынықсын,<br>Саналарың тынықсын. | Денелерің шынықсын,<br>Саналарың тынықсын. | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **«Секіреміз топ-топ»**<br>Секіреміз топ-топ,<br>Шапалақтап көп-көп.<br>Иілеміз оңға қарай бір,екі,үш,<br>Иілеміз солға қарай бір,екі,үш. | **Қимылды ойын:**<br>«Ордағы қасқыр»<br>Мақсаты: секіруге, затты лақтыруға жаттықтыру. | **Қимылды ойын:**<br>«Ордағы қасқыр»<br>Мақсаты: секіруге, затты лақтыруға жаттықтыру. | **«Кім шапшаң?»**<br>Мақсаты: Есту қабілетін дамыту. Балаларды дауысқа еліктіру. | |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың киімін ретімен шешу, дербес және ойын әрекеті. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті** | **«Қай жерде шырылдады?»**<br>Мақсаты: Дыбыстың қай жерден шыққанын анықтау.<br>**Сөйлеуді дамыту** | **«Бізге кім келгенін тауып ал»**<br>Мақсаты: Айтылу мен есту жағынанан бірдей сөздерді айыра білуге, дауыс ырғағын қадағалай білуге дағдыландыру. Кебір заттардың аттарын бекіту.<br>**Сөйлеуді дамыту** | | **Жапсыру**<br>**«Вагондарға дөңгелек таңдау»**<br>Ойынның мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, қасиеттерін білуге жаттықтыру, ойлау қабілетін дамыту. | **«Бізге кім келгенін тауып ал»**<br>Мақсаты: Айтылу мен есту жағынанан бірдей сөздерді айыра білуге, дауыс ырғағын қадағалай білуге дағдыландыру. Кебір заттардың аттарын бекіту.<br>**Сөйлеуді дамыту** |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру. | | | | |